

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 сәуірдегі N 325 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының әкіміне Сырдария өзеніндегі су тасқынының нәтижесінде қираған Қызылорда қаласының Иіркөл ауылдық округіндегі мектептің, тұрғын үйлердің, бөгеттердің, магистралдық арналардың құрылысын салу және күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ бұрын орындалған авариялық-құтқару жұмыстары жөніндегі шығыстарды өтеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 350000000 (үш жүз елу миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсат пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Қызылорда облысының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2005 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі